

Қ. Қ. Адильбекова, аға оқытушы, заңтану магистрі (Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ РЕТİNДЕГІ СИПАТЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізген әлемнің барлық дамыған мемлекеттерімен таңдау жасалып отырған әлеуметтік мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі — өз аумағында тұрақтап жатқан халқының әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Нақты уақытта осы бағыттағы жетістіктерін қуанышпен бәлісуге дайын мемлекеттердің өз қызметінде қойылған мақсатқа жету жолында әлеуметтік саясаттың екі негізгі бағытын ұстанғаны құпия емес, яғни біріншіден, қоғамдағы мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы отбасыларға, студенттерге мемлекеттік жан-жақты көмек көрсетіп, олардың әлеуметтік қамтамасыз етілуінің алғышарттарын қалыптастырып, құқықтық тетіктерін жетілдіру жолын дамыту десек, екіншіден, адамдардың әлеуметтік және құқықтық мәдениетін жетілдіруге, халықтың лайықты әмір сүріп, жақсы тынығуына қамқорлық таныту арқылы әлеуметтік қоғамды қалыптастыру шараларын жүзеге асыру. Біздің мемлекетіміздің де өз тізгінін қолына алған уақыттан бастап әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру бағытында жа-сап жатқан қадамдары аз емес. Осы жиырма бес жыл ішінде еліміз үшін қиын болса да, жетістіктер мен алға ілгерілеушіліктер әкелген нақты қадамдарының болғанын, әлі де болса жоспарда барына күмән келтіруге мүлдем негіз жоқ. Республикамыздың Тәуелсіздікке қол жеткізгендігін баяндаған Ата Заңының есігі еліміздің зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет сипатына бет бұрғандығын сипаттаумен ашылған барлығымыз үшін үлкен жауапкершілік болғаны белгілі. Нақтырақ айтқанда, Ата Заңымыз мәтініндегі: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның әмірі, құқықтары мен бостандықтары», — деген мәлімдеменің өзі екі жақты жауапкершіліктің бәлінбестігін білдіреді. «Әлеуметтік» сөзінің астында «ортақ», «қоғамдық» деген ұғым жатыр, яғни қоғамдағы барлық адамдардың бірлесіп әмір сүруімен тығыз байланысты түсінік ретінде қалыптасқан. Сол себептен, «әлеуметтік» сөзінің кең мағынасындағы қолданысының астарында, қоғам әмірі дамуының әнімділігін қалыптастыратын кез келген мемлекет жатыр деген оймен келіспеуге негіз жоқ. Алайда, «әлеуметтік мемлекет» ұғымының негізгі ретінде, бастапқы әзіндік құндылықтары мен қызметтері айрықша қалыптасқан мемлекет түсіндіріледі. Осы бағыттағы мәселелерді зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше әлеуметтік мемлекеттің мәні мен мақсаты — қоғамдағы бейбітшілік пен татулық үшін жағдай жасау, әлеуметтік серіктестік институттарын дамыту, азаматтарға әділетті де лайықты еңбекақы тәлеу құқығына және қауіп-қатерден қорғауға кепілдеме беру². Әңгімеміздің өзегіне айналып отырған әлеуметтік мемлекеттің мәнін терең түсіну үшін оның негізгі белгілерін ажырата білу аса қажет. Таңдалған мәселе бойынша ой толғап жүрген ғалымдардың кәзқарастары негізінде жинақталған белгілерге тоқталатын болсақ, бірінші белгісіне — әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы құқықтық табиғаты, мемлекеттің әлеуметтік үрдістерді бақылау және бағыттау міндеті жатады, екіншісіне — әлеуметтік сақтандыру жүйесінің жасақталуын айтуға болады, үшіншісіне — бюджеттік-әлеуметтік тәлемдер, тәртіншісіне — әлеуметтік қамсыздандыруды, жұмыспен және мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің болуы саятын болса, бесіншісіне — қоғамның әрбір мүшесіне мемлекеттің әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі жатады, ал алтыншы белгісі — өз азаматтарының әл-ауқатының жоғары деңгейі үшін жауапкершілігін арттырумен сабақтасқандығын білеміз. Аталған белгілердің барлығының қосындысы аса кәңіл бәлетін қайшылықты жағдайдың туындау кәзін ашып отыр, яғни халықтың тіршілік ету деңгейінің жоғары болуын әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда — адам құқығы мен бостандығының құрылымы өзгереді, адамдардың саяси белсенділігі тәмендейді, мемлекетке деген сенімсіздігі пайда болады, саясатқа селқостығы ұлғаяды, құқық пен бостандықтың заңды кепілдіктеріне деген сенім азаяды. Осылардың барлығының 4

қосындысы мемлекетте қобалжу туғызуы, қорқыныштысы тәңкеріске әкелуі мүмкін. Халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауы салдарынан тәңкеріс орын алған қоғамдар жайлы тарихтан жақсы таныспыз. Осы тұста әлеуметтік мемлекеттің әмір сүруі құқықтың мемлекетпен бірлікте екенін атап өтуге болмайды. Әйткені, екеуі де құқықтық та, әлеуметтік те мемлекет жеке тұлғаның дамуы мен игілігі үшін тиімді жағдайлар жасауға тырысады. Сол себепті тиімсіз құқықтар санын мейлінше азайтып, мемлекеттің жеке тұлға өміріне жәнсіз қол сұғуына заңды түрде шектеулер қойып, дер кезінде нақты ережелерді белгілей білу кез келген мемлекетті аталған келеңсіз жағдайлардан аман алып қалады. Әлеуметтік мемлекет сипатына бет бұрған қоғам, ең басты кезекте өз адамдарын заңдастырылған құқықтармен, адамның лайықты өмір сүруіне қажетті материалдық жағдайлармен, ұлттық табыстың әділ және ұтымды бөлінуін қалыптастырумен қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс. Нақты айтқанда, кез келген тұлғаның жеке өмірін қорғауға және қолдауға тырысу — әлеуметтік және құқық-тық қағидалардың тұтастығының негізін құрайды. Өз мақсатын дұрыс қойған әлеуметтік мемлекет осы үрдісті ұтымды түрде жүзеге асыру арқылы қоғамда пайда болатын теңсіздік-тердің алдын алу арқылы, өзінің қызметін азаматтардың қоғамдық белсенділігімен байланыстыруға, қысымшылық көрсету тәсілдерінен аулақ болуға, жеке бастың мәртебесін қорғауға, сәз бостандығы құқығына кепілдік беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Нақтырақ айтсақ, әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының бастапқы қадамы ретінде, бірінші кезекте, мемлекеттің адам және азаматтарға әлеуметтік өмір сүру минимум деңгейін қалыптастырып, ең төменгі жалақы мөлшерін белгілеп, азаматтық қоғам алдындағы мемлекеттің жауаптылығын арттыру болып табылса, екінші кезекте, азаматтық қоғамда өмір сүріп жатқан адам және азаматтардың лайықты өмір сүру деңгейін қалыптастыруға түрлі жәрдемақылар мен жеңілдіктердің, шәкіртақылардың негізінде жағдайын қалыптастыру немесе жасау болып табылады. Мемлекетіміздің осы бағытта жасап жатқан қадамдары біздің болашақ ұрпағымызды бақытқа кенелтетін сынақ жолдары десек болады, себебі осы шаралардың жемісін көру үшін біраз уақыт керек екендігі табиғи құбылыс, сол себепті де, мүмкіндігінше дұрыс қадамдар үлкен жауапкершілікпен жасалуы тиіс. Қиыншылығы мен қызығы қатар келген тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін кең ауқымды жұмыстар жасалғанын, әлі де жасалатындығын білеміз. Осы 25 жыл ішінде бізде көптеген жетістіктерге жеттік, сонда да болса әлі де жетіспеушіліктер мен толықтырулар қалды, оларды жедел түрде жоюға ұмтылу керек. Оларды жасау толық мүмкін, егер Президентіміздің бізге ұсынып отырған бағытын дұрыс түсініп, дер кезінде қолдау жасап отырсақ. Тағдырымыз қыл үстінде тұрғанда кезеңде билік басына келген Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың басшылық етуімен Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу кезеңінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі әлеуметтік саясат жағдайын салыстырып қарасақ, қоғамның барлық аялары мен салаларында мәнді алға жылжулардың болғаны шүбәсіз шындық. Халық — мемлекеттің негізгі құрамдас бөлігі және әлеуметтік саясаттың негізгі элементі десек, өз қоғамның әрбір мүшесінің, ондағы алатын әлеуметтік жағдайына қарамастан қажеттілігін белсенді түрде жүзеге асыруға құтты орта қалыптастыру мемлекеттің өзекті қызметі. Нақты уақыт ширегінде біздің мемлекетіміздің осы қызметін дұрыс жолға қоя білу қабілетінің арқасында еліміз тұрғындардың табыстары қарқынды түрде өсуде, әртүрлі түрдегі және деңгейдегі жеңілдіктер тәленуде, жұмыссыздық деңгейі біртіндеп тұрақтануда және жалпы алғанда жұмыссыздар саны төмендеуде, түрлі жағдайлардың туындауына қарамастан тұрмысы төмен азаматтарға тұрақты түрде көмек көрсетілуде, әртүрлі жастағы балаларға білім беру мекемелерінің саны артуда, тұрғындардың білім деңгейі мен сауаттылығы қарқынды түрде өсуде, жас отбасыларына тұрғын үй жалдау мен жұмыспен қамтылуда көмектер көрсетілуде, адамдар арасындағы түрлі сипаттағы қақтығыстар жойылуда, халықтың мәдениеті көтерілуде. Бұл ұзақ жолдың бастапқы ғана қадамдары десек, еліміз тұрақты, табысты, жаңғыртылған, жақсартылған әлеуметтік саясаттың қалыптасуына барлық жағдайлар жасауда және оның жүзеге асырылуына жәрдемдесуге қабілетті, өз ойларын қоса алатын, мақсатты жас ұрпақ тәрбиелеу жұмысын бастапқы қатардан түсірмеуі тиіс. Бүгінгі күнде көптеген елдер өзінің әлеуметтік саясатын халықаралық деңгейде көрсете алмайды, бірақ Қазақстан ондай мүмкіншілікке ие болуда. Алайда мұндай кең ауқымды нәтижелерге жету кез келген елдің қолынан келе бермесі анық. Осындай қысқа мерзім ішінде басқалардың көз алдында

қазақстандықтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барлық жағдай жасау арқылы әзімізді қабілетті, мақсатты мемлекет ретінде көрсете білгендігіміз үлкен қуаныш, сол сияқты 5 үлкен жауапкершіліктің нәтижесі екендігі белгілі. Сәзіміздің соңында барлық елдердің әлеуметтік саясаты әзінің негізгі бағыттарымен ұқсас болып келетіндігін білдік, бірақ Қазақстанның әлеуметтік қызметінде азаматтардың өз мемлекетінің жағдайын көтеруге ықпал ететін жеке мәдениеті мен жеке рухының болуы басты фактор екендігіне күмән келтіруге болмайды.

Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007.

2 Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. — Астана, 2014.

3 Авакьян С. А. Конституционное право России: В 2 т. 5-е изд., перераб. и доп. — М., 2014. — Т. 1.